

ISSN 1811-1815

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



С. ТҰРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ГУМАНИТАРЛЫҚ СЕРИЯ



2'2012

ПМУ ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК ПГУ

СОДЕРЖАНИЕ

| | |
|--|-----|
| ✓ Азербает А. Д., Ахмульдинов Б. Т. Партия «Алаш» как воплощение национальной идеи государственности казахского народа..... | 6 |
| Азербает А. Д., Жарылкасынова Ж. Ж. Эпоха Караханидов | 11 |
| Алтыбасарова М. А., Жумабекова К. Б. Демографические процессы в Республике Казахстан..... | 19 |
| Байгабылов Н. О. Социальные антропологические аспекты межнациональных отношений в Казахстане..... | 25 |
| ✓ Бастемиев С. К. О Чингисхане и его «Монголах» | 32 |
| Дубовицкая О. Б. История развития и современное состояние правового регулирования исламского страхования | 42 |
| ✓ Жапекова Г. К., Сарсембинова М. А. Проблемы глобализации в контексте теории мультикультуранности | 50 |
| ✓ Зейнулина А. Ф., Бессарабова М. А., Есимова Д. Д. Понятие и сущность образовательного туризма..... | 54 |
| ✓ Калимуллина К. Ж. Историческое формирование Республики Казахстан как правового государства..... | 59 |
| Комаров О. Е. Проблемы модернизации жилищно-коммунального хозяйства в Павлодарской области: социологический анализ | 65 |
| Комаров О. Е., Жумагулова М. К. Социальный портрет студента педагогического вуза: социологический анализ..... | 75 |
| Мусатаев С. Ш. Интересы и язык казахской нации в казахстанском гражданском обществе..... | 85 |
| Мусатаев С. Ш., Калиев И. А. Роль Казахстана в развитии диалога цивилизаций..... | 92 |
| Тулеева К. Б. Использование новых информационных технологий в начальном образовании..... | 99 |
| ✓ Турсумбаева Д. Б., Жапекова Г. К. Казахский государственный академический театр оперы и балета имени Абая как один из институтов формирования интеллигенции Казахстана в начале XX века..... | 104 |

К.Ж. Калимуллина

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ТАРИХИ ҚАЛЫПТАСУЫ

Берілген мақалада Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде тарихи қалыптасуы қарастырылған.

Осынау кезеңдегі саяси-құқықтық режимнің қалыптасу жолындағы күрестің көшбасында халқының ақыл-айнасы, жанашыры болған ұлтымыздың таңдаулы қайраткерлері тұрды. Егер төңкеріске дейін-ақ қазақ жұртының санасына саяси-құқықтық ойдың сәулесін түсіріп, оятқан, азаттық жайлы идеяның негізін қалап бағыттаған А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Шокай, М. Дулатовтардай көсемдері ұйытқы болған Алаш зиялыларының саяси-құқықтық қызметі деп білсек, ізінше 1916-1917 жылдардың ұлт-азаттық күресі мен саяси режим төңкерістерінің аласапыранында қалыптасып, шынығып, айқындалып, саяси билікке көтерілген Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, Б. Сыртанов, Ж. Ақпаев, Н. Нұрмаков, Ж. Досмұхамедов т.б. зиялы қауымды көреміз. Алдыңғылар негізінен ағартушылық, саяси-құқықтық қызметімен еліміздің болашақ даму жолын саралап берген болса, кейінгілер кеңес билігі шеңберінде ұлттық мұраттарды жүзеге асыруда бар күш-жігерімен саяси стратегия жасады. Олар жоғалтып алған мемлекеттік белгілерімізді қалпына келтіріп, Қазақстанның шынайы саяси тәуелсіздігінің негізін қалауға орасан зор күш жұмсады. Бөлшектелінген қазақ жерін біріктірді, экономикасының түзеліп, онтайлы саяси-құқықтық режимнің дамуына жағдай жасады. Осылайша, халықтың тарихи жадында сақталып келген сол ұлтжанды заңгерлеріміздің есімдері мен мол мұралары тәуелсіздік тұсында қайта жаңғырды. Бірқатар ғылыми жұмыстың арқауына айналып, жүйеленген саяси-құқықтық тақырыпта немесе жеке саяси тұлға ретінде зерттелді.

Құқықтық мемлекетті модернизациялауда ұлттық заңгерлердің мұрасы өткен мен болашақтың рухани көпірі. Олардың тұлғалық мұратын ақиқаттың бағалаудың өзі, саяси-құқықтық болжам жасауға жарайтын білімі мол үрдіс. Әсіресе елдің әр түрлі саяси-құқықтық режимдер аясындағы қажеттіліктеріне бағыт бағдар жеткізіп отыратын саяси зиялылардың ұлағаты. Демек, біздің де бұл мақаламыздағы мәселелер Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық режимінің қалыптасуына ықпал еткен ұлт зиялыларының қызметі, демократиялық бағыттағы модернизациялық саяси ойлар мен құқықтық көзқарастардың қалыптасып дамуы, мәні қоғамымызды ілгерлетудің рөлі мен ерекшеліктері, яғни, оған ат салысқан саяси күштер мен ағымдар, көрнекті саяси қайраткерлерінің жанкешті қызметінің айтылмай, зерттелмей келген олқылығын, саяси-құқықтық талдай отырып толтыру қажеттігінен туындап отыр. Қазақстан мемлекетінің жүйелік басқаруын модернизациялау билік органдары мен басқаруды халыққа жақындатудың қамтамасыз етілуіне негізделген. Бұл Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген «биліктің бірден-бір қайнар көзі — халық» туралы ережесін толығымен жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан азаматтарына тікелей немесе билік органдары арқылы өз еркін білдіру құқығы берілген. Сондықтан Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық жүйесін реформа жасау арқылы модернизациялау басты бағыты болып табылады.

Модернизация мен жаһандану үрдістерін байланыстырса, онда қарым-қатынастардың капиталистік жүйесі тек модернизациялық қана емес, сонымен бірге жаһандану үрдістердің де негізінде жатқаны анықталады. Олардың бірі саяси-құқықтық жүйені саясат негізінде жатқан идеялар жиынтығы деп дәлелдесе, екіншілері оны өзара қарым қатынас жүйесі деп есептейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында, таяудағы онжылдықта тұрлаулы да теңдестірілген даму жедел әртараптандыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз ететін болады. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының шешуші бағыттарын табысты іске асыру үшін тиімді мемлекеттік аппарат қажет. Осыған байланысты мемлекеттік секторды реформалаудың басым бағыттары анықталған. Тиімділік, ашықтық және қоғам алдында есеп беру қағидаттарымен өкімшілік реформаларды тереңдету көзделеді. Елді индустриалды әлемге бейімдеу мемлекет басшысының «Қазақстан жедел экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизациялау жолында», «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауларына байланысты саяси шешімдер қабылдануда.

Қазақстанда саяси-құқықтық режимнің қалыптасуында қоғамдық ойдың модернизациялану мәселелерін салыстырмалы талдай келе ХХ ғасыр басындағы саяси-құқықтық процестерге шолу жасай отырып, ұлт арасынан

шыққан зиялылардың іс-әрекеті халыққа танылды: олар жалпыұлттық мүдделерге қызмет етуге бет бұрып, қазақ қауымына тән қоғамдық саяси қозғалыстың футурологиялық бастауында тұрды деуге негіз бар.

Қазіргі Қазақстан үшін азаматтық қоғам мен жергілікті басқарудың саласындағы бай және терең салт-дәстүрлері бар дамыған елдердің тәжірибесін ажырағысыз және жауапты бөлігі ретінде зерделеу мен тиімді пайдалану ең өзекті мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасындағы саяси-құқықтық режимнің қалыптасуына қатысты мәселелер өлі де болса толыққанды зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет құра бастағалы бері елдің құқықтық жүйесін кешенді реформалауға бағытталған үш бағдарламалық құжат қабылданды. Қоғамдық қатынастардың әрбір даму кезеңі оны тиісінше құқықтық жолмен реттеуді, жанаша ойлаудың жүйелерін құруды талап етті. Осылардың негізінде ұлттық құқық пен институттық білімді қоса алғандағы барлық сот-құқықтық институттар құрылды. Сөйтіп, экономикалық, саяси, әлеуметтік және басқа да салалардағы өзгерістер құқықтық «өмірді» жаңғыртумен қатар жүріп отырды.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформалар жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның алғашқы құжаты 1994 жылдың 12 ақпанында қабылданды. Бұл құжатты іске асырудың ең басты жетістігі – ұлттық заңнамаларды (конституциялық, азаматтық, банктік, салықтық, қаржылық, кедендік, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу) түбегейлі жаңғыртуға қол жеткізілді. Сонымен бірге, сот жүйесі мен құқық қорғау органдары, қала берді Қазақстанның барлық заңнамалық инфрақұрылымы кезең-кезеңмен реформаланды. Екінші құжат – 2002 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымы деп аталды. Онда 2010 жылғы кезеңге арналған құқықтық жүйені дамытудың негізгі бағыттары айқындалды. Мұнда азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандығын одан әрі қамтамасыз ету үшін құқық қорғау жүйесі мен әділсот шешімдерін шығарардағы соттардың тәуелсіздігін нығайту жолдары заңдық деңгейде шешімін тапты. Соның ішінде, әсіресе, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін қосымша құқықтық және материалдық кепілдіктер жасалды. Өлім жазасы тек адамдардың қаза болуына соқтырған террорлық қылмыстарға және соғыс уақытындағы аса ауыр қылмыстарға ғана қалдырылды, мұның өзі Қазақстан жағдайында оны атымен жоюға мүмкіндік берді. Соттың тұтқындауға санкция беру тәртібі енгізіліп, қылмысты істі прокуратура мен соттың жүргізу мүмкіндігіне тыйым салған конституциялық норма өзгертілді. Елдің одан арғы тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатымен 2007 жылы енгізілген конституциялық өзгерістер Президент пен Парламенттің рөлін арттырды. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Тәуелсіз мемлекетімізді құрушы және іргесін қалаушы

ретіндегі тарихи миссиясы заң жүзінде танылып, ол Ұлт көшбасшысы мәртебесіне ие болды. Жоғарғы өкілді органның Үкімет құрамын жасақтауды бақылауы күшейтілді, сонымен бірге, оның мемлекеттің бюджетті құру мен оның орындалуын бақылаудағы өкілеттіктері айтарлықтай кеңейтілді.

Қазақстан – зайырлы, құқықтық мемлекет құру жолында. Тәуелсіздік алғалы бергі сындарлы кезең тарих беттерінен өз орнын ала білді десек, осы 20 жыл аралығында құқықтық жүйемізде қыруар шаруа жүзеге асты. Жалпы, осы құқық дегеніміз не? Бұл – мемлекеттің қуатты құралы, басқаша айтқанда, қоғамның жан-жақты дамуын заңдық тұрғыда қамтамасыз ету. Дербес даму жолына түскен Қазақстан бірден құқықтық мемлекет идеясын қабылдады.

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы оны «тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет» деп жариялады. Демократиялық саяси институттардың қалыптаса бастауына орай, Қазақстанды демократиялық мемлекет деп есептеуге толық негіз бар. Сонымен қатар Қазақстанды құқықтық мемлекет деп атауға да нақты негіз бар. Құқықтық мемлекет – ұзақ жылдар бойғы тарихи дамудың жемісі. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп жазыған. Демек, Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекетті орнықтыру жолына, құқыққа негізделген мемлекет құру жолына түсті.

Мемлекеттің бірінші принципі заңның жоғары тұруы, оның қоғам өміріндегі үстемдігі болып табылады. Қоғам өмірінің маңызды бағыттары тікелей заң арқылы реттелуі тиіс. Конституцияға сәкес Қазақстан Республикасының Парламенті: «Жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне... мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне қатысты принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы» және т. б. Мемлекеттің құқықтық мемлекет болуға деген талпынысын заң шығарушы субъектілер ауқымының кеңеюінен көруге болады. Заңдарды кемсітетін немесе олардың қолдану тиімділігін төмендететін факторлар бар. Бұл бір жағынан, сыбайлас жемқорлық пен бюрократтық іс-әрекеттердің көрінісі, екінші жағынан, қоғамдық құқықтық сананын төмендігі заңдардың қолдану тиімділігін төмендететін факторлар болып табылады. Құқықтық мемлекеттің тағы да маңызды факторларының бірі – заң талаптарын орындауға барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың бірдей міндеттілігі.

Құқықтық мемлекет – құқық қалыптасатын, көптеген заңдар қабылданатын мемлекет ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттік органдардың

және мекемелердің қызметі түбірімен қабылданған заңдарға негізделетін мемлекет. Азаматтардың заңды мүлтіксіз орындауы құқықтық мемлекеттің маңызды принципі болып табылады. Ол үшін азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін белгілейтін заңдарды, басқа да нормативтік актілерді жақсы білуі тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық заңдардың жариялануына жағдай жасайды: азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы олардың қолданылуына қолайлы жағдай жасау деген сөз. Азаматтарының заң ережелерін бұзуының тағы бір себебі, олардың құқықтық саналарының толық қалыптастырылмауы болып табылады.

Бүгінгі таңдағы жаһандану дәуірінде мемлекеттің саяси жүйесінің жетілдірілуінде құқықтық дамуының ең негізгі алғышарттарының бірі ресми биліктің мемлекеттің мәселелерін шешуде қандай әдістер мен тәсілдер қолдануымен тығыз байланысты.

Саяси-құқықтық режим – мемлекетте билік жүргізудің арнайы тәсілдері. Қазақстандағы саяси-құқықтық режимнің қалыптасуы мәселесінің өзекті екендігін ескеріп, біз мақалада саяси - құқықтық режимнің қалыптасуына өте терең ықпал жасайтын саяси факторларының дамуының тарихи-құқықтық қырларын зерделедік. Мемлекетімізде қалыптасқан саяси-құқықтық режимді дамыту мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізіліп, саяси шешімдер қабылданып отырады. Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 17 тамызда «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының шығуы еліміздегі саяси-құқықтық жүйеге қатысты реформалардың қажеттілігін және өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар мемлекетіміздің саяси-құқықтық оқиғаларына мемлекет басшысының жүйелі түрде талдау жасап, баға беріп отыруының пақты көрінісі.

Бүгінгі Қазақстан халқы азат, тәуелсіз елге айналды. Ол – қазақ жұртының ғасырлар бойғы арманы еді. Егемендік алғаннан бергі 19 жыл ішінде Қазақстан Республикасы ғасырларға тән сан-салалы саяси-құқықтық өзгерістерді басынан кешірді. Дүние жүзіне өзімізді бейбітшілік сүйгіш халық, өркениетті саясаты бар, құқықтық мемлекет ретінде танытып үлгердік. Алайда «өзгеге таныту үшін өзімізді тану қажеттігін» билігімізді нығайтып, құқықтық мемлекетті құруды қолға алғанда барып түсіндік. Тәуелсіздік ұзақ жылдардағы ұлтты азат ету, мемлекеттіліктің саяси-құқықтық жүйесін қалыптастыру жолындағы саяси күресінің заңды нәтижесі болғандығын өскелең ұрпақтың мықтап есінде ұстағаны жөн деп ойлаймыз. Қазақ елінің өткен ғасырдың басындағы маңызды оқиғаларының саяси-құқықтық сабақтарына көңіл қойып, зерделеу бүгінгі таңдағы құқықтық мемлекет дамуының мақсаттарынан туындап отыр.

1 2010 жылғы 17 тамыздағы «Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығы // Егемен Қазақстан. 2010жыл. 18 тамыз.

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы – Астана : Елорда, 2008. –56 б.

3 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезенге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 2009жыл, 28 тамыз.

4 Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы: Ғылым, 1995. – Б. 39.

5 Онжылдықта ойдағымыз орындалады. - Астана, 29 қаңтар, 2010 ж. : Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2010. – 2 ақпан.

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 15.06.12 редакцияға түсті.

К. Ж. Калимуллина

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г Павлодар.
Материал поступил в редакцию 15.06.12.

K. Zh. Kalimullina

Historical formation of the Republic of Kazakhstan as a legal state
Pavlodar state university named after S. Toraigyrov, Pavlodar c.
Material received on 15.06.12.